



№ 7 (1357)  
30 қазан  
2007 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ АЗА-ҰЛТТЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКА А ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

## ҰЛТ МЕРЕКЕСІН ҰЛЫҚТАЙЫҚ!



25 қазан — Республика күні. Бірақ бұл күн тек мереке емес, қазақ елінің арғы бергі тарихы үшін ақ түйенін қарны жарылған күн. Себебі, елесі кең даланы талай ғасырлар кезіп жүрген Егемендік осы күннің еншісінде. Парқына бара білсек, 300-ге жуық көтерілістің жемісі, қазақ саяси модернизациясының алғашқы бекеті, Жеті жарғының жалғасы, Ата заңның бастауы да осы күннің еншісінде. Қазақты Кенес Одағының темір тырнағынан тартып алған, халықаралық қауымдастыққа қысыла-қымтырыла қадам бастыртқан, тәңір берген табиғи байлығын ұлттың уысына ұстатқан тұңғыш заңнамалық бұл құжат — «Қазақ КСР-нің егемендік декларациясы» қабылданған күн нағыз бақыт құсының өзі. Ендеше, 25 қазанның тарихи оқиға ғана емес, мемлекеттік мейрам болуы орынды.

Кешегі күн — бүгінгі тарих. Ерен ерлердің еңбегімен, Жоғарғы Кенесте 460-тай депутат бола тұрып, 260-тай қолдың қуатымен 17 бапты Декларацияның қабылдағанына да биыл 17 жыл. Ал ұлттық мейрам Республика күні ретінде тойлана бастағанына бір мүшел жас толып отыр. Аз уақыт емес.

Сол кешегі 17 бап бүгінде жүріп өткен 17 жылдық бостандықты бағыт-бағдарымызға жол ашқан еді. Азаттығымызға алтын дінгек болған Тәуелсіздіктің тамыры, демократия дастанының алғашқы шумағы еді. Әйтсе де осыншалық маңызы бар құжаттың құнын өз денгейінде тү-

сініп жүрміз бе? Ұлтты ұлықтайтын ұрымтал шаққа ұмсынбай, «Серуен де — серуен, сергелден де — серуен» деп мәртебесін мойындамай, мойындата алмай жүрсек елдігімізге сын ғой. «Паровоздың го-ок дегенінде бір гәп бар!» деп құр тойлата бергеннен алысқа бармасымыз анық. Құлдық санамыздың сауықпасы хак. Ендеше, дербес елді болашаққа батыл бастар барыстарды баулу бүгінгі білім ордаларының міндеті мен парызы. Осы орайда қасиетті қара шаңырақ Қазақстан қуатын арттыруға бел шеше кіріскені баршаға аян. ҚазҰУ да мемлекетпен бірге алға қадам

басуда. Болон келісімшартына қол қойып, әлемдік білім ғарышына бір жұлдыз болып қосылғандығымыз да соның айғағы. Қанжығамыздағы «Алтын сапа» да мемлекет дамуына қосқан университет еңбегінің жемісі. Бұл жерде бір айтып кетері, қазақтың тілі кенге тамырын жаймаса, діні мен ділі дінгегі болмай, шекарасы тыныштығына кепілдік бермесе, рәміздері рухын жанымаса Қазақ елі республика болып жарымас. Сондықтан, қарашанырақ әлі де егемендіктің еңсесін көтерер бәсекеге қабілетті, өз елінің шынайы патриоты болар мамандарды даярлауда аянбай қызмет етуде. Бұл іс-әрекеттерге қазақстандық қоғам, тіпті халықаралық қауымдастық та үлкен назар аударып, ерекше көңіл бөлуде.

Есіктен кірген егемендікті төрге шығару бірлігі күшті білімді жастың қолында! Бүгінде бағымыз да, барымыз да — егемендік. Ендеше, тарихымызда тәуелсіздікке тұңғыш алғышарт болған құжат қабылданған күн қуаныш емей немене?! Мерекелеріңіз құтты болсын, ағайын!

### Тағлым

## Болашаққа бастайтын БІЛІМ ОРДАСЫ

«Елді ел теңгермейді, ер теңгереді». Әйтсе де сол ерлер елім деп еміренсе игі, ұшқан ұясын ұмытпаса ұлық. 28 қазан мерекелік күйдің жалғасын шерткен күн болды. Университетіміздің студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, Инженерлік академияның президенті және университет мақтананышы — ҚазҰУ түлегі Бақытжан Жұмағұловпен кездесті. Кездесу жексенбілік демалысты рухани қуанылыққа айналдырды. Жұмыс күнін мағыналы жиынмен өрледі.

Бақытжан Жұмағұловтың еліміздегі жетекші жоғарғы оқу орнына сапары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Кожамқұловпен кездесіп, шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фараби ескерткішіне гүл қоюдан басталды.

Кешегі түлегін жадында хан сарайындай орда боп қалған мекенде күтеді-ау деп күтпеген Бақытжан Жұмағұлов Студенттер сарайына қарай бет алғанда жүзінде шәкірттік шаттық байқалғандай еді.

Жалғасы 3-бетте



санда:

БҮГІНГІ

Төлеген Қожамқұлов —  
Туссон қаласының  
құрметті азаматы



Тәуелсіздік  
тірегі —  
білім



Спартакиада —  
салауаттылық  
бастауы



2-бет

6-бет

7-бет





## Төлеген Қожамқұлов – Туссон қаласының құрметті азаматы



Колумбия университетінде білім алып жатқан еліміздің «Болашақ» стипендиясының иегерлері және шетелдік ғалымдар, оқытушылар, университет ізденушілері мен ғылыми қызметкерлері, мемлекеттік орган өкілдері ректор лекциясын зор қызығушылықпен тындады. Онда профессор Төлеген Қожамқұлов мемлекет басшысы-

ның білім беру саласын алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне жеткізу жолындағы ұстанған саясатын, Қазақстандағы оқыту үрдісіндегі жүріп жатқан реформалар мен ондағы орын алған өзекті мәселелер туралы байыпты байламдарын жеткізген болатын.

Сапар соңында Туссон қаласының әкімшілігі Әл-Фараби атындағы


Жақында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов арнайы шақыртумен АҚШ-тағы Колумбия және Аризона университеттерінде «Қазақстандағы білім беру саласындағы реформалар» тақырыбында дәріс оқыған еді.

дағы ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа Алматы-Туссон туыс қалалары арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға сіңірген еңбегі мен серіктес университеттер арасындағы білім-ғылым байланыстарын нығайтуға қосқан үлесі үшін «Аризона штатындағы Туссон қаласының құрметті азаматы» атағын берді.

Өз тілшімізден

## ҚазҰУ ҰЛАНДАРЫ СПОРТТА ДА АЛДА

ҚазҰУ студенттері ел намысын білім-ғылымда ғана емес, спорт саласында да әлемдік деңгейде қорғап келеді. Мәселен, Германияның Ханау қаласында джиу-джитсудан өткен әлемдік жастар чемпионатында 28 мемлекеттен барлығы 700 спортшы қатысқан дүниежүзілік жарыста ҚазҰУ-дың экономика және бизнес факультетінің 4-курс студенті Руслан Кушпенев 77 келі салмақта 3-ші орынды жеңіп алды.



Сөйтіп бұл спорт түрінен қазақстандық құрама биыл 1 алтын, 2 қола медаль қанжығасына байлап, қатарынан үш рет әлем чемпионы атанып отыр. Университетіміздің беделін асқатқан тағы бір жаңалық. 12-18 қазан аралығында Қытайдың Үрімші қаласында өткен бокстан халықаралық турнирде ҚазҰУ-дың биология факультетінің 1-курс студенті Абдилманов Жандос 75 келі салмақта бас жүл-

дені иеленді. Бұған қоса студентіміз 24-28 қазан аралығында Алматы облысы әкімінің жүлдесіне орай ұйымдастырылған «Жетісу кубогы» 5-ші халықаралық турнирінде де 1-орынға табан тіреп, турнирдің ең үздік боксшысы атағын алды. Бұл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан біліміне ғана емес, асқару рухты жанытын спорт саласына да қосып жатқан үлесі екені даусыз.

Ж. Қасымбекова

## САРТАЕВ САЛҒАН САРА ЖОЛ

19 қазан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әйгілі заңгер ғалым, Қазақстан Республикасының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы жоғарғы мектеп академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сартаев Сұлтан Сартайұлының 80-жылдық мерейтойына және ғылыми-педагогикалық қызметіне 58 жыл толуына арналған ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісі өтті. С.Сартаев 1949 жылы Алматы мемлекеттік заң институтын, Мәскеудегі мемлекеттік заң институтының аспирантурасын бітіріп кандидаттық диссертациясын табысты қорғаған білікті маман.

1955 жылдан бүгінге дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде доцент, мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, заң факультетінің деканы, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Сұлтан Сартайұлының тәлімін көрген көптеген шәкірттер Қазақстан мен ТМД ғана емес, Еуропа, Азия елдерінің де жоғары заң оқу орындарында, мемлекеттік қызметтерде, құқық қорғау органдарында, белгілі, беделді қызметтерде жүр.

Салтанатты мәжілістің ашылу барысында сөз алған ҚазҰУ-дың ректоры Төлеген Қожамқұлов мерейтой иесіне Президент алғыс хаты мен ғылыми институттың дипломын, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің естелік медалін табыс етті. Ғалым еңбегі мемлекеттік деңгейде еленгендігін, дәрежелі сыйлықтармен, көпшіліктің соққан қошеметінен-ақ аңғаруға болады. ҚР премьер-министрі Кәрім Мәсімов пен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың жүрек жарды лебіздері осыны аңғартқандай.

«Жетпіс – жан құрдас, сексен – тән құрдас» демекші сексен жасқа келу – әрбір адам үшін арман деп сөз алған заңгер ақсақалдар тілегі көңілге көрік берді. Ал Кыргыз Республикасы мен Чехиядан қонақтардың арнайы келуі де еларалық ынтымақтастық-



тың белгісіндей болды. Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов темір тұлпардың «тізгінін» ұстатса, туған жері Қызылорда облысының әкімі Мұхтар Құл-Мұхамед пен Қызылорда қаласының әкімі Әнуәрбек Қалабаевтың құттықтау хаты Сыр елінің ыстық сәлемін жеткізгендей еді. С.Сартаев өзінің ғылыми жолында 500-ден аса ғылыми еңбек шығарған. Бұл болашаққа салған сара жолына қалдырған мол мұрасының белгісі іспеттес.

Мерейтойлық жиынға ғалымның шәкірттері, еліміздің құқық қорғау, заң, сот органдарының басшылары, белді қызметкерлер мен әріптестері бір кісідей ат салысып, барды бағамдай білді.

Ж. Қасымбекова

10 қазан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Тұрсынбек Көкішұлы және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда көрнекті әдебиетші ғалым Т.Көкішұлы ғылыми зерттеулерінің басты бағыттарына қатысты қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны, шетелдегі қазақ әдебиеті мен әдеби байланыстардың келелі мәселелері, ұлт әдебиеті классиктерінің шығармашылық мұрасы кеңінен қаралды.



## Арлы ғұмыр, тау тұлға

Конференцияға шетелдік ғалымдар, белгілі жазушылар, жоғары мектеп профессорлары мен оқытушылары, әдебиеттанушы ғалымдар, аспиранттар мен магистранттар, студенттер шақырылды. Мәжілісте «Т.Көкішұлы – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші», «Т.Көкішұлы және қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері», «Т.Көкішұлы шығармашылығы және қазақ әдебиетінің «актандақ» беттері», «Т.Көкішұлы және қазақ диаспорасының рухани әлемі», «Т.Көкішұлы және Сәкентану мәселелері» атты бөлімдер жұмыс жасады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Тұрсынбек Көкішұлы 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысының Бұланды ауданындағы Алтынды руднигіне қарасты Бөрлі ауылында дүниеге келген. 1945 жылы Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түскен. 1971 жыл 17 маусымда ҒА-сының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде «Қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. 1995 жылы Халықаралық жоғарғы мектептер ғылым академиясының Құрметті академигі

болып сайланды. Халықаралық қоғамдық Айтматов академиясы 1996 жылы толық мүшелікке қабылдаған. Профессор Т.Көкішұлы қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ғылыми-әлеуметтік мәні зор іске белсене араласуда. «Қазақ әдебиеті тарихы» үшінші томының I және II кітаптарына арнаулы тараулар мен бөлімдер жазды. Т.Көкішұлының жұртшылықтан ризашылық пейіл көрген ғылыми-зерттеу және сын мақалалары «Дәуір суреттері» (1967) атты монографиялық этюд түрінде жарық көріп, 2004 жылғы «Мағжан – Сәкен», «Толғама» дейін 37 кітап, монография, сапарнамаларға ұласты. 1968 жылы нақты тарихи-архивтік деректер негізінде жазылған «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркі басылып шығып, қазақ әдебиеті үшін жаңалық болды.

Қазақстан жоғары оқу орындарына сіңірген еңбектері ескеріліп 1998 жылы «Парасат» орденімен, 2005 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталды.

Ғылым мен білімнің ордасы ҚазҰУ-да ғылыми конференциямен басталған сәнді де мәнді мерейтой келесі күні Мұхтар Әуезов атындағы ұлттық драма театрда жалғасын тапты.

Шарафат ЖЫЛҚЫБАЕВА





# БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН БІЛІМ ОРДАСЫ



Басы 1-бетте

«86-жылдан кейін 21 жыл бойы шықпаған мінберде тұрмын», — деп толғаныспен сөйлегені де соның дәлеліндей. «Мен көптен бері сағынып жүрген университетіммен қауышып отырғанымға өте қуаныштымын. Білімді шындаған, саяси бағыт-бағдарымды қалыптастырған қасиетті кара шаңыраққа қарыздармын. Осында Өмірбек Жолдасбеков сынды қадірлі азаматтың қасында жүріп көп нәрсені үйрендім, тәлім алдым. Осы орайда, он алты жыл

сындағы алтын көпір болса екен деген тілектен туған қадам. Мұны ректор да, құрметті қонақ та атап өтті. Кіріспе сөзінде университет басшысы осының бәрін саралай келе «Қазақстанның өз жолы деген қасиетті ұғым қалыптасты», — деп ерекше ескерген еді. Ал осы өзгерістердің басы-қасында, тіпті бел ортасында жүрген азаматтың ұстаздар қауымымен, жастармен кездесуі маңызды шара болды, көңілдегі түйткілдердің түймесін ағытты. Кешегі білімгер бүгінгі білім жолындағылардың көкейіндегісін сезгендей көкейтесті мәселелерді қозғалды.



ректор болған, ҚазҰУ қалашығының негізін қалаған абзал азаматтың есімін ел жадында қайта жаңғыртқан ректорға алғысым мол», — деді терең тебіреніспен Бакытжан Жұмағұлов. Сол кешегі ағалар бастаған істің бүгінде жалғасын тауып отырғанын тілге тиек етті. «1985 жылы аяқталған құрылыстың қайта жанданып, жаңа ғасырда 14 жана нысананың бой көтеруі университет басшылығының қайрат-жігері деп білемін», — деді.

Бұл кездесудің өзгелерден өзгеше болғаны анық. Себебі соңғы уақыттарда Қазақстандағы өзгерістер талай том-том кітапқа азық болары хақ. Елде конституциялық реформа іске асты. Соның нәтижесінде пропорционалды сайлау жүйесіне көштік. Бұл өз кезегінде партиялардың беделі мен рөлінің артуына, олардың жауапкершілігінің күшеюіне қызмет етуде. Бұл да Парламент халық пен билік ара-

«Кім болып келсең де ҚазҰУ құшағы саған қашан да ашық» деген Төлеген Әбдісағиұлының шын лебізі ерекше толқытты, әйтсе де Мәжіліс депутаты тұрғысынан ой айтқаным қызықты әрі маңызды болар» деп дәрісін бастауы сондықтан шығар.

Конституциялық реформалар Қазақстанның жаңа тарихының алғашқы кірпішін қалады. Біз бұл мақсатқа ұзақ жылдар бойы жүріп келеміз. Сондықтан президенттік басқару жүйесінен президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көшудің классикалық эволюциялық моделін қалыптастырдық десек болады. Қазақстандық үлгі бірінші кезекте партиялық жүйенің дамуын алға қойды. Осы орайда, республикамыздағы партиялық жүйенің дамуын үш кезеге бөлуге болады. Бірінші кезек — Коммунистік партияның әрекетсіздігінен шаршаған халықтың партияға деген теріс ой-пікірінің қалыптасқан шағы. «Қал-

ған көңіл, шыққан жан» дегендей сынық, селқос көзқарас. Екінші кезек 90-жылдардың екінші жартысын қамтиды. Жаңа партиялар құрыла бастады. Бұл үрдіс негізінен жоғарыдан ұйымдастырылды және тиімді шешім болғандығын кейін уақыт дәлелдеді. Үшінші кезек деп 1998 жылдан бергі уақытты атауға болады. Жартылай пропорционалды сайлау жүйесіне көштік. 70 депутаттың 10-ы партиялық тізімнен сайланды. Мұның өзі үлкен жетістік еді. Демократияландыру жөніндегі комиссия құрылды. Еуроодақ, Жапония елдерінің тәжірибелері зерделенді. Осы жүргізілген шаралардың арқасында конституциялық реформалар жүзеге асты. Сондық-

кезекте ұлтты сүйіндер!» деген жауабы әрбір жасқа бағыт-бағдар сілтегені анық.

Бұл кездесуде ҚазҰУ студенттері өздерінің саяси сауаттылығымен де көзге түсті. Бір партиялық Парламент, «Қазақстан — 2030» стратегиясы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының бағдарламасы, жақында өткен сайлауға деген Еуропа елдерінің көзқарасы мәселелері сұрақ-жауап болып өрілді. Бір партиялық Парламент жайына тоқтала келе, Бакытжан Жұмағұлов Малайзия мемлекетін мысалға алды. Ли Куань Ю басында тұрған бір партиялы Парламент төрт мезгіл қатарынан сайлауда жеңіске жетіп, осының



тан да бүгінгі қалыптасқан жағдайды асығыс шешім деп қабылдамау керек. Бұл жоғары мәртебелі қонақтың дәрісінен түйген ойлар. Ал ойды ой қозғайтыны анық. Сондықтан болар Бакытжан Жұмағұловқа сауалын сайлап-баптаған жастар көп болды. Бірі Бакытжан Жұмағұловтың саясаткер бойынан қандай қасиеттер іздейтінін білгісі келді. Екіншісі қазақ жастарының бетбейнесін сомдап беруді өтінді. Үшіншісі кешегі студенттің қызықты шақтарымен бөлісуін сұрады. Осы орайда, ел қалаулысының «Мықты маман болындар. Үш тілді менгеріндер. Бірақ ең бірінші

арқасында елдегі реформалардың тиімді, жүйелі жүргізілгендігін атап өтті. «Бізге бұл билікті халық берді, сондықтан халық алдында үлкен жауапкершілікті сезінеміз. Елбасы Парламенттің бағдарламасы Министрлер кабинетінің де жұмыс жоспарына айналу керектігін талай рет ескертті. Ал өздеріңіз білетіндей «Нұр Отанның» бағдарламасы барлық салаларды қамтып отыр, 190 бөлімнен тұрады», — деді вице-спикер.

«Қазақстан 2030» стратегиясы да қызу талқыланды. Стратегияның он жылдығына байланысты өткізілген шараларға қатысқан шетелдік



ғалымдар мұндай ұзақ жылдық әрі қоғамның барлық саласын қамтыған құжат ешбір елде жоқ екенін жеткізген екен. Тіпті кезінде Кембридж университетінің бір ғалымы «Қазақстан өзінің 2030-жылдық жоспарын 2020-жылы қарсы алатынына сенімдімін» деп баға беріпті. «Мемлекеттің болуы Алланың құдіреті, ал оның дамуы басшыға байланысты (Аристотель). Сондықтан жеткен жетістіктеріміз — Елбасының сарабал саясатының жемісі», — деді ғалым. Бұдан әрі дәрісін жалғастырған Бакытжан Жұмағұлов: «Елбасымыз айтқандай, аз жұмыс жасалған жоқ, ал алдағы міндеттер одан да көп. Мен сіздерді жақсы түсінемін. Себебі студенттік өмір қай кезеге де ортақ. ҚазҰУ-да білім алып жүрген сендерде көп мүмкіндік бар. Мұндай профессорларды әлемді алты айналандар да таппайсындар. Қазақстанның байлығы — білімді жас. Сондықтан сендер білім-ғылымды игерулерің керек. Кезінде Ғылыми студенттік қоғамдар жұмыс істеген еді. Сондай ұйымдарды жандандыру қажет. Сонымен қатар, ұлттың сапасымен қатар санын да көбейту сендердің қолдарыңда. Сондықтан уақыттарыңды орынды пайдаланып, үлгілі отбасын құрып, қазақтың қара домалақтарын көбейте беріндер!», — деп дәрісін қорықты.

Саясаткер, ғалым, қайраткер Бакытжан Жұмағұловты кешке жиналғандар сан-салалы қырынан таныды. Саясаткер ретінде дәріс оқығанымен, шәкірттік тебіреніспен сөз сөйлегені көптің көңілінен шықты. «Мен қай жерде, қай салада жүрсем де ҚазҰУ маған тірек болды. Қазақстандағы екі университеттің біреуі ғана емес бірегейі болған, Кеңес одағында алғашқы үштіктен орын алған білім ордасы бүгінде де өз тұғырынан тайған емес. Сондықтан да осы университетте оқығандарыңызға бақыттысыздар», — деді қадірлі қонақ. Өткенге орала отырып ҚазҰУ тарихынан сыр шертті. Көз алдымызға кешегі ҚазҰУ елестеді.

Кездесуге қатысушылар — университеттегі жүз Президенттік шәкіртақы иелері, еңбек ардагерлері, профессорлар, кафедра меңгерушілері, декандар мен белсенді студенттер кеш соңына дейін тапжылмай отырды.

Кездесу соңына қарай академик Яхия Аубакиров ұстаздық ықыласын білдірді. «Белді саясаткер болғыларың келсе, халықтың даналығын ойға түйіп, тағлым-тәлімін тындандар» — деді ұстаз. Заң факультетінің 3-курс студенті, Президенттік шәкіртақының иегері Айсәуле Әбілдаева Бакытжан Жұмағұловқа білім мен ғылымның қарашанырағына қош келдіңіз дей отырып, Парламент пен ҚазҰУ-дың белсенді, білімді жастарының арасында алтын көпір орнатсаңыз деген тілегін білдірді.

Вице-спикер шәкірт болып келіп, профессор болып қайтты. «ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» дипломы мен мантиясын ректор Төлеген Әбдісағиұлы салтанатты түрде тапсырды. Ғалымның бұл қуанышымен Парламенттегі әріптестері атынан Айтқұл Самақова шын жүректен құттықтады. Ақын Рүстем Қайыртайұлы жырдан «шапан жапты». Ордадағы орайы келген жүздесу елім деген ерлі халқы қашан да хандай көтеретініне тағы бір дәлел болды. Ендеше ҚазҰУ түлектері шындарға биік шықса игі, қарашаныраққа келіп тұрса игі демекпіз.



# ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҚОНАҚТАРЫ – ЧЕХИЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ

Қазақтың қара шаңырағы, аты әлемге әйгілі бабамыз Әл-Фарабидің есімімен аталатын Қазақ ұлттық университеті өз дамуының жана кезеңдерінен өтуде. Университетіміздің әлем сахнасындағы білім берудегі абыройы жылдан-жылға өсіп келеді. Халықаралық байланыс, атап айтқанда, әлем таныған жоғары оқу орындарымен тығыз байланыстар артуда.



Бәрімізге белгілі, университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов 2003 жылы Болонья қаласында әлемнің беделді университеттері қосылған Хартияға қол қойған болатын. Аталған шара университетімізге аса үлкен жауапкершілік жүктейді. Оның ішінде халықаралық тығыз ынтымақтастық орнату қажеттілігі туындап отыр. Аталған бағытты дамыту шараларының бірі ретінде 2007 жылдың 2 қазан күні заң факультетінде, Чехия Республикасы Конституциялық Сотының мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Станислав Балик және Чехия Республикасының Қазақстандағы елшісі Франтишек Маш бастаған делегациямен болған кездесуді атап айтуға болады.

Бұл кездесудің негізі 2004 жылдың қыркүйек айында Чехия Республикасының Президенті Васлов

Клаус пен КР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұжымымен кездесу кезінде қаланған болатын. Сол кездесуде екі жақты тығыз қарым-қатынас, оның ішінде білім және ғылым саласындағы өзара байланысты күшейту қажеттілігі айтылғаны көпшіліктің есінде.

Кездесуге заң факультетінің

профессор-оқытушылар құрамы катысты. Шараны заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Д.Л. Байдельдинов ашты. Ол университетіміздің, факультеттің тарихына тоқталып, екі ел арасындағы байланыс туралы сөз етті. Кездесуде сөз алған Станислав Балик өз кезегінде Чехия Республикасының Қазақстанмен байланысына ризашылығын білдірді.

Айта кететін жайт, Станислав Балик Конституциялық Соттың мүшесі қызметімен қоса Прага университетінің заң факультетінде дәріс оқиды.

Кездесуде заң факультетінің кафедра менгерушілері өз кафедраларының тарихы мен бүгінгі таңдағы жетістіктерімен таныстырды. Конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының менгерушісі

заң ғылымдарының докторы, профессор З.Ж.Кенжалиев ҚР Конституциясы және Конституциялық Кеңес жөнінде әңгіме қозғады.

Профессор З.Ж.Кенжалиев 2005 жылғы Президент сайлауының мерзімін тағайындау жөніндегі комиссия сарапшысы болғанын атап өтетін болсақ, оның баяндамасы қонақтардың қызығушылығын арттырды.

Криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының менгерушісі заң ғылымдарының докторы, профессор А.А.Исаев екі ел арасындағы сот сараптамасы саласындағы тығыз ғылыми байланыс орнату қажеттілігін атап өтті. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының менгерушісі заң ғылымдарының докторы, профессор А.С.Ибраева мемлекетаралық заңгерлерді дайындау саласында тәжірибе алмасу жөнінде ұсыныс жасады.

Кездесу соңында заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Д.Л. Байдельдинов қонақтарға университетіміз туралы мәліметтер жинақталған естелік кітапшаларын сыйлады.

Уалихан АҚЫПБЕКҰЛЫ,  
Тәрбие жұмысы жөніндегі  
деканның орынбасары

## ■ Конференция



### М.Ф. Авазбакиева – физиология саласының саңлағы

19-20 қазан күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетінде профессор, биология ғылымдарының докторы, ҚазССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткері М.Ф.Авазбакиеваның 100-жылдығына арналған “Қазіргі таңдағы физиология ғылымының өзекті мәселелері” атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Конференция үш секция бойынша жұмыс жасады: жалпы физиология, экологиялық физиология, хронофизиология.

Конференцияда қазіргі таңдағы физиологияның өзекті мәселелері қарастырылды. Конференция жұмысына Қазақстанның белгілі ғалымдары: ҚР ҰҒА академиктері

К.Т.Ташенов, Х.Д.Дүйсембин, Б.А.Атчабаров, М.Х.Шығаева, И.О.Байтуллин; профессорлар Ә.Т.Канаев, С.Т.Төлеуханов, Қ.С.Рымжанов және тағы басқалары катысты. Сонымен қатар ТМД елдерінен ғалымдар, атап айтқанда, Ресейден профессорлар Т.Т.Подвигина және С.Н.Степанова, Қырғыз елінен профессор А.С. Сооданбекова баяндама жасады.


Профессор М.Ф.Авазбакиева адам және жануарлар ағзасына сыртқы орта факторларының әсерлерін зерттейтін, яғни климатфизиология ғылымының Қазақстандағы ғылыми физиологиялық мектебінің негізін қалаушы болып саналады.

Өз тілішімізден

## ■ Мерейтой

### ПРОФЕССОР МӘУЛЕН БАЛАҚАЕВ

Университетте 18 қазан күні қазақ тілі білімінің көрнекті қайраткері М. Балақаевтың 100 жылдық мерейтойына орай, “Қазақ тілі ғасырлар тоғысында: теориясы, тарихы және қазіргі жайы” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.



Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, 2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінің, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, филология ғылымының докторы, профессор Мәулен Балақаев

тың есімі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. 1942 ж. — қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, 1952 ж. — қазақ тілі кафедрасының профессоры, 1959-1975 жж. — қазақ тілі кафедрасының менгерушісі қызметтерін атқарған. Университетте «Сөз тіркесі»

арнайы курсынан бірнеше жыл дәріс оқу нәтижесінде 1957 жылы “Основные типы словосочетаний в казахском языке” атты еңбегі жарыққа шығады. Бұл қазақ тілінің сөз тіркесі жөніндегі тұңғыш монографиялық зерттеу жұмысы еді. М.Балақаев негіздеген «Сөз тіркесі» арнайы курсы қазір Қазақстанның филолог мамандар даярлайтын барлық жоғары оқу орындарында оқытылады.

Конференцияда тіл тарихы және әдеби тіл теориясы, қазақ тілі синтаксисі және коммуникативтік грамматика, филология және информатика, мәтін лингвистикасы, компьютерлік лингвистика және ақпараттық технология, тіл білімі және мәдени қарым-қатынас, БАҚ тілі, латын әліпбиі мәселелері бойынша құнды баяндамалар жасалды. Конференция жұмысына Татарстан республикасынан шақырылған түрколог-ғалымдар Ф.Хисамова, А.Юсупова, академиктер Ә.Қайдар, Ә.Айтбайұлы, ф.ғ.д. профессорлар Е.Жанпейісов, Б.Қасым, Ж.Манкеева т.б. зерттеушілер мен ғалымның балалары катысты.

Л.С.ДҮЙСЕМБЕКОВА,  
Қазақ филологиясы  
кафедрасының доценті, ф.ғ.д.

## ■ Пример

### Ученый с мировым именем

Научная и педагогическая деятельность профессора М.С.Аженова, с небольшим перерывом, тесно связана с самым крупным учебным заведением Казахстана. Его педагогическая работа и научные исследования станут основой развития казахстанской философской науки. Он стоял у истоков становления социологической школы в республике. В начале своего профессионального пути он работал вместе с замечательными учеными, как академик Ж.М. Абдилин, проф. А.Х. Касымжанов, М.М. Сужиков, О.А. Сегизбаев, Г.Г. Акмамбетов, А. Нысанбаев, с которыми вместе формировали казахстанскую школу философов. Имя его известно среди философов и социологов стран СНГ и особенно России.

Общее число научных трудов профессора М.С. Аженова составляет более 200. Сочетая организационную работу с научно-педагогической деятельностью, М.С.Аженов активно участвует в подготов-

ке научных трудов, учебников, учебных пособий как на русском, так и на государственном языке, ориентированных на глубокую подачу теоретического материала. Из под его пера выходят 15 научных моногра-

фий, посвященных теоретическим проблемам социальной философии и социологии. Основное научное направление ученого — это проблемы социальной структуры, социальной стратификации и социальных институтов.

В рамках «Культурного наследия», он участвует в качестве члена редколлегии, в выпусках многолетних изданий по социологии. 5 томов из которых уже опубликованы.

Результаты научно-исследовательской, организаторской деятельности доктора философских наук, профессора М.С.Аженова получили заслуженное признание научной общественности Казахстана. В 1995 году он был избран Академиком Академии социальных наук, а в 2005 году Академиком Ассоциации Социологов Казахстана.

Трудовая и общественная деятельность Матигуллы Салахадино-

вича оценена правительственными наградами. Ему одному из первых среди работников вузов Казахстана присвоено почетное звание «Заслуженный деятель Республики Казахстан». Он награжден орденом «Знак Почета», медалями «За трудовое отличие» им. И.Алтынсарина. За активную деятельность в распространении научных и политических знаний был награжден золотой медалью им. академика Вавилова. За особые заслуги перед Республикой Казахстан ему была назначена персональная пенсия.

З.Ж. ЖАНАЗАРОВА,  
заведующая кафедрой общей  
психологии, д.социол.н., профессор





Делегация КазНУ им. аль-Фараби в составе директора Института математики и механики Данаева Н.Т., декана исторического факультета Таймагамбетова Ж.К., возглавляемая проректором по научной работе Купчишиным А.И. 4-5 октября с.г. приняла участие в международном симпозиуме «Наука и образование в XXI веке», прошедшей в Академгородке г.Новосибирска. Примечательно, что в день открытия Российско-Казахстанского форума состоялся визит президента России Владимира Путина и Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в Новосибирскую область.

## Участие ученых КазНУ им. аль-Фараби в научном симпозиуме «Наука и образование в XXI веке» в г. Новосибирске

ТАЙМАГАМБЕТОВ Ж.К.  
декан исторического факультета КазНУ им. аль-Фараби.

В большом зале Дома Ученых Академгородка, в которой участвовала научная элита обеих приграничных регионов прошло широкое обсуждение сотрудничества в научно-образовательном комплексе и во внедрении в науку инновационных технологий. Организатором симпозиума выступил Новосибирский областной департамент науки, инноваций, информатизации и связи совместно с Сибирским отделением РАН.

С вступительным словом к участникам конференции обратился Губернатор Новосибирской области В.А.Толоконский. С докладами на симпозиуме «Академическая наука в Сибири» выступили председатель СО РАН академик Н.Л.Добрецов, «Наука в Казахстане» - председатель комитета науки МОН РК Е.А.Онгарбаев, «Об основных направлениях государственной политики поддержки научных

исследований и разработок в Казахстане» - председатель правления акционерного общества «Фонд науки» А.Б.Нусупова и др. Оживленный интерес вызвал доклад А.И.Купчишина «Наука и образование в КазНУ им.аль-Фараби», с сопровождением слайдовых материалов. В секционном заседании с докладом «Информационные технологии» выступил профессор Данаев Н.Т. В прениях были обсуждены проблемы образования в России и Казахстане, перспективы сотрудничества в области ядерной физики, переработки углеводородного сырья, научно-образовательное и инновационное партнерство в области нанотехнологий и интеграцию науки в глобальном мире.

Кроме того, вечером того же дня состоялась встреча делегации КазНУ им.аль-Фараби с академиком-секретарем историко-филологического отделения РАН, директором Института археологии и этнографии СО РАН академиком Деревянко А.П. и Первым вице-президентом СО РАН академиком Мо-

лодиным В.И. Обсуждались вопросы о состоянии науки в Казахстане и России. В конечном итоге был подписан научный контракт о совместном сотрудничестве между историческим факультетом КазНУ им.аль-Фараби и Институтом археологии и этнографии СО РАН в области археологии на 2008-2012 гг. В заключении состоялось обмен научной литературой.

На следующий день, делегация приняла участие в работе выставки «Инновационный потенциал Российско-Казахстанского сотрудничества в сфере наукоемких технологий» в академгородке и в музее археологии, в последнем были выставлены учебники и монографии изданные в КазНУ им. аль-Фараби и Институте археологии и этнографии СО РАН.

За большой вклад в области совместных исследований профессору Купчишину А.И. был вручен диплом и медаль Томского политехнического университета, а профессор Данаев Н.Т. премирован ноутбуком за лучший научный доклад.

## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ СЪЕЗД



3-6 қазан күндері М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінде университеттердің кәсіподақ ұйымдарының Еуразиялық қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай мерейтойлық XX-съезд өтті. Оған Қазақстаннан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Парасат» кәсіподағының төрайымы, филология ғылымдарының кандидаты Мұқашева Мәншүк Тынышкалиқызы қатысып қайтты.

Университеттердің кәсіподақ ұйымдарының Еуразиялық қауымдастығы 1987 жылы құрылып, сол жылдың 23-25 қыркүйегінде Мәскеу университетінің қабырғасында классикалық университеттердің кәсіподақ басшыларының қатысуымен тұңғыш съезд өткен болатын. Содан бергі жылдарда қауымдастық жемісті қызмет атқарып келеді. 4 елдің 13 қаласында 19 рет ірі университет кәсіподақ ұйымдарының жетекшілерінің басын қосып, ортақ мөселдерді бірігіп шешуге, өзара ынтымақтастықты нығайтуға арналған 19 съезд өткізіліпті. Осы уақыт аралығында Қауымдастыққа мүшелікке 27 кәсіподақ ұйымы қабылданып, қатысушы-университеттердің саны 64-ке жеткен.

Съезд жұмысына қатысып, баяндама жасап қайтқан еліміздегі жетекші жоғарғы оқу орны – ҚазҰУ «Парасат» кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашеваның айтуынша, үш күнге созылған съезде іргелі білім берудің сапасын

арттыру, университеттердің кәсіподақ ұйымдарының Еуразиялық қауымдастығына мүше университеттердің бірлескен қызметін үйлестіру негізінде жоғарғы оқу орындарының беделін арттыруға арналған кезеңдік қадамдар жасау, ТМД елдерінде біркелкі білім беру және ғылыми кеңістік қалыптастыру, біркелкі білім стандарттарына қол жеткізуге атсалысу, Қауымдастық жұмысына студенттік кәсіподақ ұйымдарының өкілдерін тарту мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, жоғарғы оқу орындарын интернационализациялау бағытында ТМД елдері университеттерінде бірлескен ғылыми және білім беру қызметтерін іске асыру, университеттердің өзін-өзі басқару жүйесін дамыту жөнінде талқыланған. Құрылтай соңында университеттер арасындағы серіктестік байланыстарды пайдалана отырып, ұжымдардың әлеуметтік мәселелерін шешу туралы резолюция қабылданды.

Өз тілшімізден

Дайджест

# БАҚ назарында – беделді университет



Елімізде Республика күні аталып өтісімен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұқаралық ақпарат құралдары үшін басты жаңалық алаңына айналды. Себебі университет студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы «Нұр Отан» ХДП Төрағасының бірінші орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, Инженерлік академия президенті және университет мақтаншы – ҚазҰУ түлегі Бақытжан Жұмағұловпен кездесті. Ол туралы «Қазақстан», «Хабар», «31-арна», «Рахат» телеарналарының жаңалықтарынан көрсетіліп, Қазақ ақпарат агенттігінің сайтында жарияланды. Қазақ радиосының ақпараттар легінде оқылды. «Дала мен Қала», «Страна и мир», «Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі» газеттеріне, т.б. басылмаларға жарияланады деп күтілуде.

АҚШ-тың Колумбия мен Аризона университеттерінде Қазақстандағы білім беру саласындағы реформалар жөнінде лекция оқып қайтқан университет ректоры Т.Ө.Қожамқұловтың АҚШ-тың «Аризона штатындағы Туссон қаласының құрметті азаматы» атағын алып, үлкен олжамен оралғандығы туралы «Қазақ әдебиеті» (19.10.2007) газетінде «Туссон қаласының құрметті азаматы», «Казахстанская правда» (25.10.2007) газетінде «Ректор КазНУ – почетный гражданин Туссо-

на» атты мақалалар жарияланды.

Университет ректоры Т.Ө.Қожамқұлов бастаған Марат Жүсіпов, Тілек Рамазанов, Фазылхан Бәйімбетов, Мейірхан Әбділдин сынды бір топ ғалымдардың «Теориялық физикадағы іргелі әсерлесулердің мәселелерін зерттеу» атты еңбегі 2007 жылғы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған болатын. Еліміздің аға басылымдары – «Егемен Қазақстан» газетінде (09.10.2007) «Іргелі ғылымның ірі ғалымдары» және «Казахстанская правда» басылымында (02.10.2007) «В поддержку фундаментальной науки», «Известия» газетінде (23.10.2007) «Безусловный успех отечественной физики» атты осы еңбектің құндылығын талқылаған мақалалар жарық көрді.

Білім мен ғылымның қарашаңырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Парасат» кәсіподағымен бірігіп, дәстүрлі түрде қызметкерлер мен студенттерге Ауызашар беруі басқа жоғарғы оқу орындары үшін үлгі алар үрдіске айналып келеді. Биылғы жылы да университетте өткен Ауызашар рәсімі туралы Қазақ ақпарат агенттігі, Қазақ радиосы, «Астана» телеарналары ақпарат берсе, «Егемен Қазақстан» (06.10.2007), «Түркістан» (11.10.2007), «Қазақстанның ғылымы мен жо-

ғары мектебі» (15.10.2007), «Голос-Әділет» (қазан, 2007) газеттері мол дастархан басына жиналған студенттердің суреті мен кеңейтілген мақала жарияланды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әйгілі ғалым-заңгер, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Жоғарғы мектеп академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сартаев Сұлтан Сартайұлының 80 жылдық мерейтойына және ғылыми-педагогикалық қызметіне 58 жыл толуына арналған Ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісі туралы Қазақ ақпарат агенттігі, Қазақ радиосы, «Астана» телеарнасы ақпараттар таратты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетінде «Тұрсынбек Көкішұлы және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, ол туралы Қазақ ақпарат агенттігінің сайтында жарияланып, Қазақ радиосының ақпараттарынан оқылды. Филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті ғалым Тұрсынбек Көкішұлының мерейтойына арналған мақалалар республикалық, қалалық газет-журналдардың барлығында дерлік жарияланды. Сонымен қатар осы факультеттің

ұйымдастыруымен өткен «Қазақ тілі ғасырлар тоғысында: теориясы, тарихы және қазіргі жайы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция туралы «Хабар», «Қазақстан» телеарналары мен Қазақ ақпарат агенттігі, Қазақ радиосы ақпарат таратты. Химия факультетінде өткен «Орталық Азияның экоаналитикасы» және «Химия, технология және табиғи қосылыстардың, медициналық қосылыстардың аспектілері» атты екі бірдей Халықаралық конференция туралы «Хабар», «CASPIONET», «Алматы» телеарналарынан көрсетілді.

Тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қ.Таймагамбетовты «Қазақстан Республикасының білім беру ісінң «Құрметті қызметкері» белгісімен марапатталуымен «Қазақ әдебиеті» газеті (25.10.2007) құттықтады.

Күнделікті шығып жатқан газет-журналдардың бетінен ҚазҰУ ғалымдарының да әртүрлі тақырыптарға арналған ой-пікірлері үзбей жарияланып келеді. Олардың арасынан философия және саясаттану факультетінің деканы З.Шәуке-нова мен Қазақстан социологтары ассоциациясы жобасының жетекшісі С.Коноваловтың «Егемен Қазақстан» газетіндегі (02.10.2007) «Әлеуметтану – қазақстандық ғылым» атты мақаласы мен

«Казахстанская правда» басылымындағы (02.10.2007) «Феномен социальной инженерии» атты жарияланымдарын атап айтуға болады. Журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі, профессор С.Қ.Қозыбаевтың еліміздегі журналист кадрларын дайындаудың өзекті мәселелері туралы сұхбаты «Литер» газетінде (25.10.2007) «Журналистика там, где есть мысль» деген атпен жарық көрді. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аманқос Мектеп-тегінің «Қазақ әдебиеті» газетіне (12.10.2007) жарияланған «Әліпбиді ауыстыру – қазақтың мын ауыстыру» атты мақаласы ұлттық танымның жаңашылдығымен ерекшеленеді. «Литературная газета Казахстана» атты әдебиет газеті (№ 17, 18. 2007) ҚазҰУ ғалымы Аслан Жақсылықовпен бірнеше сандарына қатарынан сұхбат жариялап келеді. Алгебра кафедрасының доценті Абыз Нұртайынның «Казахстанская правда» газетінде (30.10.2007) «Асан Тайманов – человек и математик» атты көлемді мақаласы жарық көрді.

Береке мен ырыс айында еліміздің жетекші оқу орны беделді басылмалар үшін жақсы жаңалықтардың ордасына айналды. Өлемде теңдесі жоқ ҚазҰУ қалашығы күздігүні сары алтынға малынғандай кейіпте көз қуанып, көңіл тоғайтып тұр.

Ғалия АҚСЕЙІТ,  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі





■ Әлеует

# Тәуелсіздік тірегі – білім

*Адам адамнан тек білімімен ғана озбақ. Шүкір, көкте туы, жерде гүлі жайнаған тәуелсіз елім бар. Өз тілім, өз дінім, өз рәмізім, өз жерім бар. Ең бастысы өз бостандығым өзімде.*

*Дұрыс бағыт таңдау, жас мемлекеттің оң шешім қабылдауы үшін ең маңызды асыл зат – білім. «Білімді мыңды жығар» демейді ме дана қазақ. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деп білімнің бағасын о баста арттырып қойғаны ақиқат. Адам өмірінің әр күні білім күшімен өлшенбек. Сауатты сөйлеу, дұрыс шешім қабылдау, көреген көз, данышпан ой, ұшқыр қиял, мінсіз іс барлығы келіп «білім» сөзінің бойына өрілмек. Білімділік – бесенедегі ең бір алдырмас қамал.*

Сөзімнің басында айтқанымдай, дұрыс бағыт пен оң шешімнің кілті - білім. Егемен ел тәуелсіздігінің тірегі де білім. Мұндағы ел басшыларының, қоғам мүшелерінің білімділігі жауапкершілігі мол өнеге. Мәселен, тәуелсіз елдің бірлігін сақтау, мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайту, сыртқы саясатпен ішкі саясат сауаттылығы, заң жобаларын сауатты, қатесіз жазу, келісім-шартқа отыру, өз беделін онды қалыптастыру, мемлекет халқының көзі ашық көкірегі ояу болуын қамтамасыз ету, мамандар біліктілігі, өз тәуелсіздігін өзгеге мойындату, бәсекеге төтеп беру, қоғам мүшелерінің (тіпті балабақша, мектеп, жоғары оқу орны, мекеме қызметкерлері т.б. лауазымды иелер) білімді болуы болашақтың ақ танының арайлы болуымен айқындалмақ. Міне аты аталғаны бар, аталмағаны бар айғақ дүниелердің деңгейін сауатты қылу тек білім арқылы ғана жүзеге аспақ.

Бойына білім дарыту мына асыл

қасиеттерге жол ашпақ: ой, сана, ұстамдылық, көргенділік, данышпандық, мейірім, кешірімділік, ақылдылық, көп білу, жақсылық жасау, достық тағы басқалары. Білімнен адам арманына қол жеткізеді. Ал білім қайдан келеді? Осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Токсан ауыз сөзді тобықтай түйген атам қазақтан қалған асыл сөздер қаншама? Осы орайда «Кітап – білім бұлағы», «Кітап – асыл қазына, кітап – адам ақылшысы» деп өсиет қалдырғаны аян. Қазақтың дуалы ауыз, орақ тілді ақындары, би шешендері, жырау-жыршылары, данышпан данагөйлері, ғұлама хакімдері қалыптастырған алтын мектеп халық қазынасы-білім бастауы.

Ыбырайша айтсақ, оқығанды көңілге тоқыған – көзі ашық мемлекет. Абайша айтсақ, дүние кетігін тауып, кірпіш болып қаланған егеменді елміз. 16 жасқа келген Қазақстан мемлекеті өзге алпауыт елдермен бәсекеге нық төтеп беретін



мемлекет. Еңбектеген жасынан, еңкейген көрісіне дейін көзі ашық, көкірегі ояу. Оған дәлел де дайын. Бүгін де ҚР тәуелсіздігін мойындап, ұлттық құндылықтарымызға бас иіп, өнерімізге қол соққан мемлекет аз емес. ХХІ ғасыр компьютер заманында техника тетігін беске білетін азаматтар да аз емес. Жана технология заманауи техника барлығы да қазақ еліне жат емес. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер білікті маман даярлап, шетелдік сұранысқа ие болып жатыр. Білім-тәрбие, әдеп, ұлағат, сауаттылық сынды қасиеттердің басын біріктіретін

асыл ұғым. Адам баласын бойына білім нәрін күйіп беретін ұстаздар, оқытушы біліктілігі де тәуелсіз еліміздің мәртебесіне өзіндік зор үлес қосады.

Қорытындылай келе білім өмірдің шырағы, адастырмас жеті-қаракшысы дегім келеді. «Білімді – мыңды, білекті бірді жығатыны» анық. Ел тәуелсіздігінің баянды, ел іргесінің мықты болуы тек білім мықты болған да ғана арта түспек.

Саягул ӘЛІМБЕКОВА,  
Журналистика факультетінің  
3 курс студенті

■ Алаштан қалған асыл сөз

Әлихан, Мұстафа, Міржақып

## АЛАШ ҰЛЫНА

*Алланың азат құлы екеніне  
Әркімнің көзі жетіп сенген күні  
Теңдестік, адамшылық, құрдастықтың  
Алдына мойынсұнып келген күні*

С. ДӨНЕНТАЕВ

Азаттық таны атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін тенелдік. Кам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне

шағын көр болып, қайтпас кара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үмітпен алысып, дарға асылып, окка ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артып,

қы бостаншылыққа ортақ болып отырмыз... ..Егер ескі үкімет бізді тең ұстап отырған болса, қазақ бүлінер ме еді, қарсыласып қан төгер ме еді. Біз қазаққа көн қарсы келме дегенде рақымсыз үкімет жай-күйіне қарамай қырып-жойып жұрттың берекесін кетіретін біліп амалсыздан көн деуші еді...

Бұл күнде жұрттың бәріне туысқандай тең қарайтын, ешкімді ала-ламайтын жаңа үкімет сайланды. Бұл үкімет күшейсе, біздің де күшейгеніміз. Бұл үкіметтің күші кемісе, біздің де тілегіміз босқа кеткені. Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана азат халық бола аламыз. Соның үшін жана үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек. Ұйымдасып, жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қыламыз.

«КАЗАК» ГАЗЕТИ

□ Кафедра

### Ұлт патриотының алғышарттары

*Ел болып егемендігімізді жариялап, тәуелсіздігімізді тұғырлы еткенімізге 17 жыл. Осы жылдың ішінде елдігіміздің айнасы, күллі әлемге даңқымызды шығарып, айбарымызды асқақтатқан Туымыз бен Елтаңбамыз, Әнұранымыз ұлттық мақтанышымызға айналғаны шындық.*

Елімізде жастар саясатының негізі қаланған. Біздің басты ұстанымымыз бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы мемлекет болу болып табылады. Бәсекеге қабілетті болу үшін болашақ ұрпақтың өміріне, тәрбиесіне, яғни жастарға көмек көрсету, жұмыссыздықты жою, олардың қоғам өміріне қатысудағы белсенділігін арттыру, бастамаларына қолдау көрсетіп, мүмкіндігінше кеңес беру керек.

Бізге туған жерің, ана тілің, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу сияқты рухани ұлтжандылық қасиет ерте заманнан-ақ қалыптасқан. Әр заманның тарихи кезеңдерінде ең алдымен «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол уақыттың еншісінен қалған секілді. Жастар бойындағы рухани құндылық, ол – отансүйгіштік, ұлтжандылық. Ол елінің еркіндігіне мойынсұнған егемен елдің азаматы.

Қазақ халқы салт-дәстүрімен, көгілдір аспан аясында шаңырағына тіреу болған уықтарымен танымал. Бұл дегеніңіз – халқымен бірлігі жарасқан, отаншылдық ұялаған еліміздің еңселі сөзі.

«Жастар – болашақ баспалдағы» десек, тамшыдан – бұлақ, бұлақтан – өзен құралағын секілді, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өскіндердің бойына отаншылдық асыл қасиеттерді сіңіре білу қажет. Бұл біріншіден.

Екіншіден, елжандылыққа жету жолында, жерімізді, рухани байлығымызды, халық денгейін, өсімін, дәстүр сабақтастығын қарқынды ішкі игере білу ләзім.

Үшіншіден, көр кеуденің кесепатынан арылып, еліне, жеріне деген жігер, ынта – ықыласыңды «Мен – патриотпын!» деген рух сөзімен көңілге ұялату қажет.

Төртіншіден, нағыз патриот бола отырып, жақсыдан шарапат іздеп, жаманға жаңа жол нұсқап, арғымаққа қамшы басып, алтынның ұлы азаматы атану жолында оза шабуың міндетті.

Бесіншіден, адами құндылықтың алыс жолын, айға жетпес асыл мұра иелігін, заманның заңғар көшінде ұлтшылдық ұлы нысанмен ұштастыру абзал.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштік қасиеттердің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып қалыптасуымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы.

«Түгел сөздің түбі бір» демекші, жастардың мемлекеттік нышандарға деген құрметін сезінуі – оларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімді жолы.

Құрметті жастар, елжандылық рухтан ажырамайық. Сонда ғана Әнұранымыз – айбатты, Туымыз – тұғырлы, Елтаңбамыз еңселі болмақ.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,  
Журналистика факультетінің  
2 курс студенті



8 октября 2007 года круглом зале Дома Дружбы факультет философии и политологии Казахского национального университета им. аль-Фараби, Молодежное крыло «Жас Отан» НДП «Нур Отан», РОО «Молодежный Парламент Казахстана», Государственный фонд развития молодежной политики г. Алматы провели научно-практическую конференцию по итогам республиканского конкурса студенческих исследовательских работ «ЖАҢА КӨЗҚАРАС» по г. Алматы.

## «ЖАҢА КӨЗҚАРАС» – НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА НОВЫЙ КАЗАХСТАН»

«ЖАҢА КӨЗҚАРАС» – первый общереспубликанский конкурс студенческих исследовательских работ, направленных на формирование в Казахстане современных общественно-политических отношений. К реализации данного проекта привлечены все молодежные организации казахстанских вузов. Организаторы конкурса «Молодежный парламент Казахстана», МК «Жас Отан» НДП «Нур Отан» при поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан.

С 10 по 30 сентября во всех областных центрах Казахстана и в городах Астана и Алматы прошел первый отборочный тур конкурса. В городе Алматы самую большую активность проявили студенты Казахского национального университета им. аль-Фараби, и особенно студенты, обучающиеся на факультете философии и политологии. По итогам первого тура конкурсная комиссия определила 3 лучшие исследовательские работы и их авторов по г. Алматы.

1 место завоевала **Андиржанова Асель**, студентка 1 курса факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби.

2 место – **Сауле Аделова**, студентка 1 курса магистратуры Каз-

НУ им. аль-Фараби, специальность – политология.

3 место – **Сейсенбаев Данияр**, студент 2 курса магистратуры КазНУ им. аль-Фараби, специальность – журналистика.

На конференции прошла церемония их награждения. Данные работы выдвинуты для участия во втором туре конкурса, который пройдет 23-24 октября в Астане.

В работе конференции с приветственным словом ректора Казахского национального университета им. аль-Фараби, доктора физико-математических наук, профессора, вице-президента НАН РК **Т.А. Кожамкулова** к участникам конференции обратился первый проректор Казахского национального университета им. аль-Фараби, доктор химических наук, профессор **З.А. Мансуров**. Выступили организаторы конкурса – Депутат Мажлиса Парламента Республики Казахстан, председатель молодежного крыла «Жас Отан» НДП «Нур Отан» **Т.М. Бердонгаров**, декан факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби доктор социологических наук, профессор **З.К. Шаукенова**.

С докладами выступили преподаватели факультета философии и

политологии – профессор кафедры социологии КазНУ им. аль-Фараби, доктор социологических наук **Абдираймова Г.С.** «Наука как ценность социальной ориентации молодежи», докторант кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат политических наук **Абулкасова А.С.** «Патриотическое воспита-

ние молодежи как часть политического менеджмента в Республике Казахстан», а также победители конкурса по г. Алматы.

Мероприятие прошло в дни 10-летия Стратегии развития Казахстана до 2030 года, обозначившей четкие направления развития страны, ее будущего, в том числе изменений в сфере образования и науки, приоритета участия в данных процессах молодых ученых.

В конкурсе «ЖАҢА КӨЗҚАРАС» одним из основных направлений было определено развитие идей НПО и их влияние на общество. Данная тема научных изысканий молодых исследователей приобрела особую важность накануне Третьего Гражданского Форума, который в скором времени пройдет в Астане.

В целом состоявшаяся научно-практическая конференция призвана усилить линию продвижения молодых ученых в казахстанских социогуманитарных науках.

**Г.О. АБДИКЕРОВА**,  
руководитель НИРС факультета философии и политологии,  
доцент кафедры социологии,  
доцент кандидат социологических наук

### Мүшәйра

## Поэзия тіліндегі – «Қазақстан – 2030»



2007 жылдық 29 қазанында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жастар рухани орталығында студенттер арасында жыр мүшәйрасы болып өтті. Жыр мүшәйрасына қаламын ұштап жүрген талантты студенттер жиналды. Поэзия кеші «Қазақстан – 2030» Стратегиясына 10 жыл толуына орай, патриоттық тақырыпқа арналып өткізілді.

Бас жүлдені күллі көрерменнің көңілінен шыққан филология факультетінің 3-курс студенті **Айдос Имантаев** иеленді. Ал, бірінші орынды – журналистика факультетінің 1-курс студенті **Бауыржан Әліқожа**, екінші орынды филология факультетінің 3-курс студенті **Мұратхан Орынтайұлы**, үшінші орынды биология факультетінің 1-курс студенті **Әсел Жүнісова** жеңіп алды. Жеңімпаздар арнайы дипломмен және сыйлықтармен марапаттал-

ды. Басқа да белсене қатысқан студенттер назардан тыс қалған жоқ, жас ақындар белсенділік танытқаны үшін дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы және патриоттық тақырыптағы жыр мүшәйрасы көкірегі ояу, көзі ашық жандарға, поэзияны сүйіп тыңдайтын көрермен қауымға өте үлкен рухани әсер қалдырды.

Тілдерді дамыту бөлімі

### Көкжиек

«Бір ел – бір кітап» акциясы барысында ұлы ойшыл, дана Абайдың шығармаларын насихаттау мақсатында университет кітапханасы «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге...» атты айдармен университеттің бас корпусының фойесінде үлкен ашық кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге Абайдың лирикасы, қара сөздері, поэмалары, аудармалары әндері әркімді де білім нәрімен сусындатар толқын жатқан телегей теңіз кітаптар қойылды. Адам өз ілімін еш уақытта көпінбей өзіне-өзі сын көзімен қарау керектігін ескертеді.

## «Артық ғылым кітапта...»



Абайдың әрбір асыл сөзінің мағынасын ұғыну – жастар парызы. Кітапхана қызметкерлері Абай мұрасын оқу конференциялары, әдеби кештер, дөңгелек үстел, сұрақ-жауап ойындары, және кітап көрмелері арқылы кеңінен насихаттай бермек. Көркем әдебиетті, оның ішінде Абайды оқу арқылы жақсы-

ны түсініп, сана-сезімің артып, көз-қарасың кеніді. Кітап оқымайтын адам ойлау сезімінен кенже қалары сөзсіз. Кітаптан қажетті нәрсені санаға түйіп аласың.

**Н.С. МОЛДЫБАЕВА**,  
Кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу секторының меңгерушісі

### Салауаттылық

**Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Үкіметке 1998 жылға берген сегіз нақты тапсырмасының алтыншы тармағында: «Салауатты өмір салты жолындағы қоғамдық науқанды бастау», – деп айқын бағыт сілтеді.**

## Спартакиада – салауаттылық бастауы

Бұл достық пен келісімділік рухында келешекке қадам басқан көпұлтты еліміздің жаны таза, төні қуатты азаматтарының тыныс-тіршілігінің алдағы бағыт-бағдарын айқындап бергендей. Салауаттылықтың берік тағаны спорт болып табылса, айбынды ер жігіттеріміздің сүйікті спорт түрлерінің бірі футбол екені баршамызға аян. Осы орайда, 13-14 қазан аралығында ҚазҰУ-дың Спорт кешенінде «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен мини-футболдан факультетаралық I спартакиада болып өтті. Дүбірлі долада 13 факультеттен 18 құрама өзара бақ сынасты. Жастардың футболға қызығушылықтары зор екендігін



жарыс басталған сәттен-ақ байқалды. Сонымен, екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша I орынды филология факультеті иеленді. II орын биология факультетінің қоржынына түссе, III орын шығыстану факультетінің «Восток» командасына бұйырды. Жекелеген номинациялар бойынша «Үздік шабуылшы» **Алмаз Найманбаев**, «Үздік қақпашы» **Әсет Ахметқалиев**, «Үздік төреші» **Ғалымжан Сабыржан**, «Үздік қорғаушы» **Ернар Естемесов** марапатталды. Ал «Үздік форма» номинациясын журналистика факультеті иеленді. Ең үздік жанкүйерлік белсенділік танытқан философия және саясаттану факультеті болды. Жарысқа қатысқан

барлық құрамалар мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қай өнерде де биік асуды бойға дарытқан талант пен талап, содан сон жаттығу арқылы бағындыруға болатындығы белгілі. Олай болса, жарысты жоғарғы деңгейде өткізгені үшін «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы **Ғалымжан Серімге**, кәсіподақ мүшелері мен спорт клубының төрағасы **Талғат Ноғайбайұлы Дүйсенбаевқа** алғысымызды білдіреміз.

Көк байрағымызды көгімізде желбіретер, өнұранымызды аспандата шырқатар жастар легі спорт өнері тұғырынан таймасын!

«Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұжымы





■ Біздің тарих

# XXI ҒАСЫР КӨШИНДЕГІ БИОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

1934 жылы 2 желтоқсанда С.М.Киров атындағы ҚазМУ-да алғашқылардың бірі болып құрылған биология факультеті республикадағы биология ғылымының негізін салуда, осы саладағы мамандарды дайындауда алдыңғы орындардан көрініп келеді. Факультет тарихындағы ғалымдар, педагогтар биология ғылымын алдыңғы шептен көрсету жолында тер төкті. Олар: академиктер В.А.Догель, В.А.Полосухин, Б.А.Домбровский, Н.В.Павлов, Т.Б.Дарқанбаев, Г.З.Бияшев, М.А.Айтхожин, ҚР ҒА тілшілер бөлімінде Н.Л.Удольская, Т.М.Масенов, профессор М.В.Авазбакиева, Н.З.Хусайнова, В.С.Корнилова, В.И.Фурсов, В.П.Митрофанов және тағы басқалары еді. И.О.Байтулин және М.Х.Шығайева сынды жоғары дәрежелі биолог-кадрлар көп жылдар бойы факультет деканы болып жұмыс істеді. Факультеттің құрылу барысында ҚР ҒА 2 өкілі, 20 профессор, 60-тан аса ғылым докторы мен доценті, ғылым кандидаты болды.

Биология факультетіне көп күш жігерін жұмсаған энтомолог және педагог, профессор А.Н.Бартеңев, факультеттің бірінші деканы П.П.Мищенко сынды ұстаздарды ерекше атап өткен жөн.

Факультетте 8 кафедра бар, олар: ботаника, зоология, генетика және молекулалық биология, микробиология, биотехнология, биохимия, өсімдік физиологиясы, цитология және гистология. Бүгінде биология факультеті шәкірттерін биотехнология, биолог-дәрігер ісі, экология, ихтиология, балық аулау өндірісі және балық шаруашылығы мамандықтарына баулула.

Факультет заманға сай зертханалармен, компьютерлік сыныптармен және интернет желісімен жасакталған. Жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми грант арқасында өз білімдері мен тәжірибесін шетел уни-

верситеттері және ғылыми орталықтарында жалғастыруға мүмкіндіктері барынша молайды. Факультет шетелдік ЖОО-ның ғылыми орталықтарымен байланыс орнатып, ғылыми-техникалық әлеуетін жылдан-жылға өркендетіп келеді. Факультет түлектері биология ғылымының бизнес, менеджмент салаларын бағындырып, Қазақстанда ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де жұмыс істеп жүр.

XXI ғасыр – биология ғасыры. Ендеше, ол барша мемлекеттер үшін ғылымның көшбасшы саласы болып қала бермек.

Ондай болса, әр білім орласы жас жеткіншектердің бойына табиғатқа деген сүйіспеншілікті, қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімін сіңіру керектігін ұмытпағаны жөн.

(жалғасы келесі санда)

■ ҚазҰУ қыраны



## Ниязбек Жарас Ерғөбекұлы

**Туған жылы:** 1986.02.05  
**Туған жері:** Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ақтоған ауылы  
**Білімі:** Филология факультетінің 4-курс студенті  
**Жетістіктері:** 2006 жыл: дәстүрлі «Супер студент» байқауының жүлдегері; Алматы Жастар Форумында студент жастар атынан сөз сөйледі; университетіміздегі «Менің Қазақстаным» фестивалінде Елбасы рөлін сомдады; «Жастар және Ғылым» атты 60-ғылыми конференцияда 2-орынды иеленді; 2007-жыл: «БІЗ» республикадағы тұңғыш студенттер театрының құрылуына атсалысты. Театрдың тұсаукесер салтанатында көрермен назарына ұсынылған әрі көпшілік ықыласына бөленген «Адаспаңдар!» қойылымында басты рөлді (Әзәзіл) сомдады («Қазақ университеті» №4 санын қараңыз) «Ғылым әлемі» атты халықаралық Конгресте 1-орынды жеңіп алды; Президент шәкіртақысының иегері; М.Жолдасбеков атындағы шәкіртақының иегері; Факультеттің және университеттің белсенді студенттерінің бірі, оқу озаты  
**Қызметі:** ҚазҰУ-дың Студенттер клубының сценарисі  
**Жоспарлары:** «БІЗ» студенттер театрының келесі қойылымдарына дайындық үстінде.  
**Мақсаты:** Білімін одан әрі шыңдау. Магистратураға түсіп, ғылым тереңіне бойлау  
**Отбасылық жағдайы:** үйленбеген  
**Қызығушылығы:** кітап оқу, бильярд, күрес.

■ ҚазҰУ қызғалдағы

МАМЫРЖАНЫҢ ФОТОСЫ

■ Фотозтюд

Қозғап ойды жан сезімі,  
Неге болдым сонша шат?  
Білсе құрбым айтсын өзі  
Осы ма екен махаббат.  
І. Есенберлин



Меруерт  
ПРЕКЕШОВА,  
филология  
факультетінің  
4-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМКҰЛОВ – ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ – проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП – декан;  
М.Т. МҰҚАШЕВА – “Парасат” кәсіподағының төрайымы;  
А.А. ШВЫДКО – ақпараттық-сараптамалық бөлімінің бастығы;  
Ғ.СЕРІМ – студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;  
Бөлім меңгерушілері – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Уәли ҚЫДЫРОВ;  
Кезекші редактор – Жанат ҚАСЫМБЕКОВА;  
Көркемдеуші-беттеуші - Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;  
Фототілші – МАМЫРЖАН;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс №

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қозғарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.